

«Елорда даму» ЖШС
Бас директорының м.а.
2023 ж. «23» 05
№ 24 бұйрығымен
бекітілген

**«ЕЛОРДА ДАМУ» ЖШС СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ
КОМПЛАЕНС ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

Астана, 2023 г.

МАЗМҰНЫ

1. 1-тарау. Жалпы ережелер	3
2. 2-тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің мақсаттары, міндеттері, қағидалары, функциялары мен өкілеттіктері.....	4
3. 3-тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің есеп беруі...7	

1-тарау. Жалпы ережелер

1. «Елорда даму» ЖШС Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі туралы осы ереже (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 31 наурыздағы № 112 бұйрығымен бекітілген квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметтері туралы Үлгілік ережеге сәйкес әзірленді және «Елорда даму» ЖШС-нде (бұдан әрі - Серіктестік) сыбайлас жемқорлыққа қарсы нормаларды сактауды қамтамасыз ету функциясын орындастын тұлғаның міндеттерін, құқықтарын, жаупкершілігін белгілейді.

2. Осы Ереже құрылымдық бөлімшелердің немесе Серіктестікегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функцияларын орындастын тұлғалардың максаттарын, міндеттерін, қағидаттарын, функциялары мен өкілеттіктерін айқындаиды.

3. Осы Ережеде мынандай негізгі ұғымдар қолданылады:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет - квазимемлекеттік сектор субъектілері мен оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнамасын сактауын қамтамасыз ету жөніндегі функция;

2) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау - сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлар анықтау және зерделеу;

3) мұдделер қақтығысы – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке мұдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, мұндай жағдайда аталған адамдардың жеке мұдделері олардың өз лауазымдық міндеттерін орындауда және (немесе) тиісінше орындауда алып келуі мүмкін;

4) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық – бұл үшін занда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа кайши, кінәлі түрдегі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);

5) сыбайлас жемқорлық тәуекелі – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

6) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу - сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу арқылы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі;

7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын қалыптастыру мен іске асыруды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-

кимыл саласында үйлестіруді, сондай-ақ сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылыктардың алдын алуды, анықтауды, жолын кесуді, ашуды және тергеп-тексеруді жүзеге асыратын мемлекеттік орган және оның аумақтық бөлімшелері;

8) Комплаенс-офицер - сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі функцияларын орындайтын жауапты тұлға.

4. Серіктестікте сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функцияларын орындайтын жауапты тұлға (комплаенс-офицер) анықталады, оның негізгі міндеті Серіктестіктің және оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл заңнамасын сактауын қамтамасыз ету болып табылады.

5. Комплаенс-офицер өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде және Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл заңнамасының талаптарын сактауды қамтамасыз ету кезінде тәуелсіз болып табылады.

2-тaraу. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің мақсаттары, міндеттері, қағидалары, функциялары мен өкілеттіктері

6. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің негізгі мақсаты Серіктестіктің және оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл заңнамасын сактауын қамтамасыз ету, сондай-ақ сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізу болып табылады.

7. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс міндеттері:

1) Серіктестіктің және оның қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылыктарын алдын алу және алдын алу құралдарын енгізуіді қамтамасыз ету;

2) Серіктестікте сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар жүйесін тиімді іске асыру;

3) Серіктестікте сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуіді қамтамасыз ету;

4) Занға сәйкес сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету

8. Серіктестік сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асыру кезінде мынандай қағидаттарды басшылыққа алады:

1) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын орындау үшін бөлінетін өкілеттіктер мен ресурстардың жеткіліктілігі;

2) басшылыктың сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенстің тиімділігіне мүдделілігі;

3) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің ақпараттық ашыктығы;

- 4) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асырудың үздіксіздігі;
- 5) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жетілдіру.
9. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функциялары:
- 1) Келесіні әзірлеуді қамтамасыз етеді:
- Серіктестіктің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылының ішкі саясаты;
 - Серіктестік кызметкерлері үшін сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұскаулық;
 - Серіктестікегі мұдделер қактығысын анықтау мен реттеудің ішкі саясаты;
 - сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заннамаға сәйкес сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт;
 - сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ішкі іс-шаралар жоспары;
- 2) Серіктестікте сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігіне катасты акпаратты жинауды, өндеуді, жинақтауды, талдауды және бағалауды жүзеге асырады;
- 3) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының «Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуіндегі үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2016 жылғы 19 қазанды № 12 бүйрығымен бекітілген Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуіндегі үлгілік қағидаларына сәйкес Серіктестік қызметіндегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуіндегі үлгілік қағидаларын бекітілген;
- 4) Серіктестікте анықталған сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне және оларды митигациялау және жою бойынша қабылданып жатқан шараларға мониторинг жүргізеді;
- 5) Серіктестікте сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізеді;
- 6) Серіктестік қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын сактауын бақылауды қамтамасыз етеді;
- 7) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ішкі іс-шаралар жоспарын әзірлейді және Серіктестіктің құрылымдық бөлімшелерінің оларды орындауына мониторинг жүргізеді;
- 8) мұдделер қактығысын анықтау, мониторингілеу және реттеу жөнінде шаралар қабылдайды;
- 9) Серіктестікегі сыйбайлас жемқорлық фактілері туралы өтініштер (шағымдар) негізінде қызметтік тексерулер жүргізеді және/немесе оларға катасады;
- 10) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заннамадағы өзгерістерге, сыйбайлас жемқорлыққа байланысты істер бойынша сот практикасына мониторинг және талдау жүргізеді;

11) Серіктестіктің құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ақпаратын түндайды;

12) анықталған сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою, Серіктестік қызметін ұйымдастырудың ішкі процестерінің тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

13) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органмен және мемлекеттік органдармен, квазимемлекеттік сектор субъектілерімен, коғамдық бірлестіктермен, сондай-ақ өзге де жеке және занды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасайды;

10. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс өзіне жүктелген міндеттердің толық орындалуын қамтамасыз етеді.

11. Комплаенс-офицердің функционалдық міндеттері, құқықтары мен жауапкершілігі лауазымдық нұсқаулықтармен немесе қызметкердің қызметтік құқықтары мен міндеттерін айқындастын құжаттармен айқындалады.

12. Комплаенс-офицер сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс саласындағы уәкілетті органдар мен кәсіби ұйымдар өткізетін оқыту іс-шараларына катысу арқылы кәсіби біліктілігін ұдайы арттыруы қажет.

13. Комплаенс-офицер өз қызметі шенберінде:

1) Серіктестіктің құрылымдық бөлімшелерінен ақпарат пен материалдарды, онын ішінде коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын материалдарды сұратады және алады;

2) ықтимал сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар немесе Қазакстан Республикасының Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын бұзушылықтар туралы келіп түскен хабарламалар бойынша қызметтік тексерулер жүргізеді;

3) Серіктестік қызметкерлерінен қызметтік тергеп-тексеру шенберінде жазбаша түсініктемелер беруді талап етеді;

4) өз құзыретіне шегінде ішкі құжаттардың жобаларын әзірлеуге катысады;

5) Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын жүзеге асыру кезеңінде белгілі болған Серіктестік туралы ақпараттың, инсайдерлік ақпараттың құпиялышының сақтайты, егер онда дайындалып жатқан және (немесе) жасалған сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы деректер болмаса;

6) сыйбайлас жемқорлықтың, бұзушылықтардың болжамды немесе накты орын алған жемқорлық фактілері бойынша, корпоративтік әдеп кодексі және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша өзге де ішкі құжаттардың бұзушылықтары бойынша жүгінген адамдардың құпиялышының қамтамасыз етеді;

7) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзудың орын алғандығы немесе ықтимал мүмкіндігіне байланысты кез келген жағдайлар туралы уактылы хабардар етеді;

8) дайындалып жатқан, жасалып жатқан немесе жасалған сыйбайлар жемкорлық құқық бұзушылықтар бойынша белгілі болған жағдайлар туралы сыйбайлар жемкорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның назарына жеткізеді;

9) Серіктестіктің белгіленген жұмыс режиміне кедергі келтірмейді;

10) қызметтік, кәсіптік және іскерлік этиканы сақтайды.

14. Комплаенс-офицер не должен:

Комплаенс-офицер:

1) алдынғы үш жыл ішінде қатысқан процестерді тексеруге қатысуға;

2) тексерудің бейтараптығына зиян келтіруі мүмкін немесе осындағы зиян келтіру ретінде қабылданатын қызметтерге қатысуға;

3) сыйлықтар қабылдауға және тәуелсіздікке, объективтілікке және бейтараптыққа нұксан келуі мүмкін немесе мұндай нұксан келу ретінде қабылдануы мүмкін қызметтерді пайдалануға;

4) мұдделер қактығысына әкелуі мүмкін тексерулерге, қызметтік тергеулерге және басқа да іс-шаралар қатысуға тыйым салынады.

15. Комплаенс-офицердің Серіктестіктің құрылымдық бөлімшелерімен өзара іс-қимылы жұмыстағы өзара сыпайылық пен түзулік негізінде құрылады.

16. Серіктестіктің құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлері комплаенс-офицерге келесі жолдар арқылы жәрдемдеседі:

1) ерекшеліктерді ескере отырып, сыйбайлар жемкорлыққа қарсы комплаенстің міндеттері мен функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті құжаттар мен ақпаратты ұсыну;

2) анықталған тәуекелдер мен бұзушылықтарды объективті талқылау;

3) туындастырылған мәселелер мен проблемаларды бірлесіп шешу.

3-тaraу. Сыйбайлар жемкорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің есеп беруі

17. Сыйбайлар жемкорлыққа қарсы комплаенс Серіктестікте қабылданған сыйбайлар жемкорлыққа қарсы шаралар бойынша ақпаратты тоқсан сайын сыйбайлар жемкорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жібереді.

Сыйбайлар жемкорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның сұрау салуы бойынша Серіктестікегі сыйбайлар жемкорлыққа қарсы қабылданған шаралар туралы қосымша ақпарат жіберіледі.

18. Сыйбайлар жемкорлыққа қарсы комплаенс ықтимал сыйбайлар жемкорлық құқық бұзушылықтар туындаған кезде Серіктестіктің басшылығына немесе Заңның 24-бабының 1-тармагына сәйкес уәкілетті мемлекеттік органдарға жүгінеді.